

2022 жылдың шілде айының 2-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Шілде айының екінші онкүндігінде Қазақстанның басым аймағында жоғары температуралық фон байқалған, жауын-шашын көбінесе нормадан төмен, кей жерлерде солтүстік пен шығыста нормадан жоғары жауын түскен, мұндай жағдайлар егіннің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Ақмола, Қостанай, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарында арамшөптер мен зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жалғасуда.

Оңтүстік облыстарда орын алған метеорологиялық жағдайлар дәннің толуына, пісуіне және дәнді дақылдарды жинау жұмыстарына қолайлы болған.

Еліміздің солтүстік жартысында жаздық дәнді дақылдар егістігінің жағдайы көбінесе өте жақсы және жақсы, жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық. Даму фазасы «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» – «дәннің уыздануы», кеш себілген егістерде «түтікке шығу».

Республиканың оңтүстігінде жаздық бидайдың жағдайы жақсы. Даму фазасы «гүлдену» – «дәннің уыздануы», көктемгі арпа «масақтану» – «толық пісу» кезеңінде. Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында арпаны жинау жұмыстары жалғасуда.

Республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының күздік бидай себілетін аудандарында егін жинау жұмыстарын аяқтау үшін ауа райы қолайлы болған.

Жылу сүйгіш дақылдардың (дәндік жүгері, күріш, мақта, соя, қант қызылшасы) жағдайы өте жақсы және жақсы, қатар аралық өңдеу, өсімдіктерді суару және дақылдарды пестицидтермен өңдеу жалғасуда.

Алматы, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарында картоп отырғызылған учаскелерде «гүлдену» - «пәлектердің солуы» фазасы байқалған. Өсімдіктердің жағдайы тегіс өте жақсы және жақсы. Картоп отырғызу және өсімдіктерді суару жалғасуда.

Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарында күнбағыс бақыланатын учаскелерде «гүл шоғырларының пайда болуы» – «гүлдену» фазалары байқалған. Күнбағыстың жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы, Павлодар облысында қанағаттанарлық.

Алма дақылдарында (алма, алмұрт) оңтүстік облыстарда «жемістердің қалыптасуы» – «жемістердің пісуі» фазалары байқалған, таңқурай жинау жалғасуда.

Оңтүстік аймақтарда жоңышқа шөптерінің жағдайы жақсы, шөптерді вегетациялық суару және 2-ші шөп шабу жалғасуда.

Өткен онкүндікте мал шаруашылығы жайылымдарының басым аумағында ауа райы ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін қолайлы болған, мал жаю барлық жерде жүргізілген.

Ветеринариялық іс-шаралар, шөп жинау және мал қыстайтын жерлерге жем жеткізу жалғасуда.

Ағымдағы онкүндікте жауған жауын-шашынның жақсы болуына байланысты басым аймақта жайылымдық дақылдар мониторингінің нәтижелері бойынша көбінесе шөптің жақсы және қанағаттанарлық жағдайы байқалған, шөптің нашар болуы Алматы облысының Жамбыл ауданында болған.

Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында жайылымдар малмен тапталмаған. Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы және Жамбыл облысының Талас ауданындағы жайылымдар қатты тапталған.

Шөптің жағдайы көбінесе құрғақ, кейбір жерлерде дымқыл.

Топырақтың метрлік қабатындағы өнімді ылғал қоры Жамбыл және Түркістан облыстарында оңтайлы, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында жеткіліксізден оңтайлыға дейін, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында жеткіліксіз елдің қалған аумағында топырақ ылғалының жеткіліксізден қанағаттанарлыққа дейін қалыптасқан.